

ХҚКК Баспасөз хабарламасы

2026 жылғы 6 наурыз

Қазақстан: ХҚКК Президентінің халықаралық гуманитарлық құқықты қолдауға бағытталған Астанадағы ресми сапары аяқталды

Астана (ХҚКК) – Халықаралық Қызыл Крест Комитетінің (ХҚКК) президенті Мирьяна Сполярнич жұма күні Қазақстанға жасаған бір күндік сапарын аяқтады. Сапардың басты мақсаты – халықаралық гуманитарлық құқыққа қолдауды күшейту. Бұл – ХҚКК президентінің Қазақстанға жасаған алғашқы сапары.

Президент Сполярнич әлемдегі қарулы қақтығыстардан туындайтын гуманитарлық қажеттіліктерді талқылау үшін Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевпен кездесті. Сондай-ақ олар соғыстың ережелеріне құрметті қайта жандандыру мақсатында Қазақстан және тағы бес мемлекет іске қосқан ерекше қадам болып табылатын халықаралық гуманитарлық құқыққа (ХГК) саяси бейілділікті күшейту жөніндегі жаһандық бастаманы талқылады.

Астанадағы сапары барысында ХҚКК президенті Сполярнич Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі Дәурен Қосановпен кездесті.

«Халықаралық гуманитарлық құқықты сақтау көшбасшылардың ерік-жігеріне байланысты», – деп мәлімдеді президент Сполярнич. – «Қарулы қақтығыстардың саны көбейіп, шиеленіскен сайын мемлекеттер соғыс ережелерін қолдап, оларды саяси басымдыққа айналдыруы қажет. Халықаралық гуманитарлық құқық жөніндегі Жаһандық бастаманың алты негізін қалаушы мемлекеттің бірі ретінде Қазақстан осы өмірлік маңызды ережелерді құрметтеуді нығайтуға бағытталған жаһандық күш-жігерде жетекші рөл атқаруда».

2024 жылғы қыркүйекте Қазақстан, Бразилия, Қытай, Франция, Иордания және Оңтүстік Африка бастамашы болған Халықаралық гуманитарлық құқыққа саяси бейілділікті күшейту жөніндегі жаһандық бастамасына бүгінде ресми түрде қосылған мемлекеттердің саны 100-ден асты. Бір жылдан астам уақыт бойы мемлекеттер соғыс заңдарын құрметтеуді күшейту үшін практикалық ұсынымдарды әзірлеу мақсатында Халықаралық Қызыл Крест Комитетінің құқық саласы мамандарымен жұмыс істеуде. Бұл жұмыс биылғы жылы Иорданияда Қазақстанның да қатысуымен өтетін жоғары деңгейлі кездесумен мәресіне жетеді.

ХҚКК Астанадағы өкілдігін 2019 жылы ашқаннан бері Қазақстан мемлекеттік органдары, азаматтық қоғам өкілдері, ғылыми қауымдастық және қарулы күштермен халықаралық гуманитарлық құқықты интеграциялау мен құрметтеуді ілгерілету бойынша жұмыс істейді. ХҚКК Қазақстан Қызыл Ай қоғамымен де тығыз ынтымақтастық орнатты. Қазақстан - ХҚКК тұрақты өкілдігі бар Орталық Азиядағы бес елдің бірі.

Қосымша ақпарат алу үшін төмендегі байланыс деректері арқылы хабарласыңыз:

Ермек Байсалов, ХҚКК-нің Бішкектегі өкілдігі

Тел.: +996 555 224 416

Эл. пошта: ebaisalov@icrc.org

Немесе біздің веб-сайтымызға кіріңіз: www.icrc.org

ХҚКК-нің соңғы бейнематериалдарын эфирлік сапада көру және жүктеп алу үшін
мына сілтемеге өтіңіз:

Welcome to ICRC (icrcnewsroom.org)

ХҚКК-ні әлеуметтік желілердегі парақшалары:

facebook.com/icrc, X, Instagram.com/icrc, tiktok.com/icrc, Youtube.com/icrcfilms